



**Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 қыркүйек N 1169  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.29. N 592 қаулысымен. ~P020592

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі  
Z990357\_

Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы "10" қыркүйектегі  
N 1169 қаулысымен  
бекітілген

Республикалық және жергілікті бюджеттердің  
жобаларын әзірлеу  
ережесі

1-бөлім. Жалпы ережелер  
1-тарау. Негізгі ережелер

1. Осы Ереже алдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін және алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің болжамдарын

анықтайды.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауын ескере отырып, тиісті кезеңге арналған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бекітетін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары, жергілікті өкілді органдар бекітетін аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары алдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын және алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу процесі өзіне үш негізгі кезеңді қамтиды:

1) республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу үшін негізгі көрсеткіштер мен басымдықтарды анықтау;

2) жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштерін және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін әзірлеу және келісу;

3) республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын мақұлдау.

4. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

бюджеттік даму бағдарламасы - Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және институционалдық дамуына бағытталған бюджеттік бағдарлама;

ағымдағы бюджеттік бағдарлама - заңнамалық кесімдерге сәйкес мемлекеттік басқару функцияларын орындауға бағытталған, тұрақты сипаты бар немесе бір жолғы іс-шаралардың өткізілуін көздейтін бюджеттік бағдарлама.

## 2-бөлім. Республикалық бюджетті әзірлеу

2-тарау. Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу үшін негізгі көрсеткіштер мен басымдықтарды анықтау

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржы министрлігі) ағымдағы жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарына, өзге де мемлекеттік органдарына, Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк), ұлттық компанияларға алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджет түсімдерінің көлемін болжамдау (тоқсандар бойынша бөле отырып шикізат ресурстарын өндіру, сыртқы, ішкі рынокқа және ТМД елдеріне шикізат тауарларын сату көлемі бойынша көрсеткіштерді, шикізат тауарларын сатудың болжамды орташа бағасын және оларға сәйкес мемлекеттік бюджетке түсетін

түсімдерді қоса алғанда), мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты алдағы он жылдық кезеңге арналған бағалау мен болжау үшін қажетті көрсеткіштердің тізбесін жібереді.

6. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар, Ұлттық Банк, ұлттық компаниялар ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде Қаржы министрлігі жіберген көрсеткіштердің тізбесі бойынша болжамды деректерді (бұдан әрі - мемлекеттік бюджетті болжамдауға арналған деректер) Қаржы министрлігіне ұсынады.

7. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде Қаржы министрлігіне:

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді индикативтік жоспарының (бұдан әрі - Индикативтік жоспар), республикалық Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының (бұдан әрі - республикалық МИБ), мемлекеттік және салалық бағдарламалардың негізінде әзірленген алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының тізбесі бойынша;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бойынша ұсыныстарды табыс етеді.

Қаржы министрлігі енгізілген ұсыныстарды олардың Индикативтік жоспарда, республикалық МИБ-та тұжырымдалған республиканың әлеуметтік-экономикалық даму өлшемдері мен бағыттарына, мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкестігі тұрғысында қарайды және олар бойынша қорытындыларды дайындайды.

8. Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде Индикативтік жоспардың макроэкономикалық көрсеткіштері, қарыз капиталы рыноктарындағы өзгерістердің болжамдарын ескере отырып, жинақталған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш көлемі мен құрылымының серпінін есептеу және мемлекеттік бюджетті болжамдауға арналған деректер негізінде:

осы Ереженің 9-тармағына сәйкес жасалған алдағы үш жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің болжамды көрсеткіштерін;

алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының тізбесін;

алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін әзірлейді және Қазақстан Республикасының Президенті құратын Бюджет комиссиясының (бұдан әрі -

республикалық Бюджет комиссиясы) қарауына ұсынады.

Республикалық Бюджет комиссиясы ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейінгі

мерзімде осы тармақта көрсетілген көрсеткіштерді және тізбелерді анықтайды.

9. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштері мынадай құрылым бойынша жасалады:

1) түсімдер:

кірістер (салықтық және салыққа жатпайтын түсімдер, капиталмен жасалатын операциялардан алынатын кірістер);

алынған ресми трансферттер (гранттар);

бұрын мемлекеттік бюджеттен берілген несиелер бойынша негізгі борышты өтеу;

2) шығыстар және несиелендіру;

3) мемлекеттік бюджеттің тапшылығы (профициті);

4) мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану).

10. Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде тиісті орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары бойынша жасалған шикізат секторы ұйымдарының тізбесін республикалық Бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Республикалық Бюджет комиссиясы 20 сәуірге дейінгі мерзімде олардан түсетін түсімдердің болжамды көлемдерін анықтау және оны кейіннен Қаржы министрлігінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізуі үшін шикізат секторы ұйымдарының тізбесін қарайды.

11. Осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген деректерді, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген республикалық және жергілікті бюджеттердің арасындағы кірістерді бөлу нормативтерін, қарыз алудың қаржы шекаралары мен болжанып отырған үкіметтік заемдардың тізбесін ескере отырып, жасалған республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландырудың болжамды есептеулерін ескере отырып, Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың 25 сәуіріне дейінгі мерзімде алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің мынадай болжамды көрсеткіштерін:

ішкі сыныптар бөлінісінде республикалық бюджетке түсетін түсімдерді, оның ішінде облыстық бюджеттерден және Астана мен Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алуларды;

республикалық бюджеттің тапшылығын (профицитін);  
тиісті қаржы жылының аяғындағы үкіметтік борыш лимитін;  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимитін;  
республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенцияларды  
;

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде  
ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары  
бойынша республикалық бюджеттің шығыстары мен несиелендіруінің бөлінетін  
лимитін;

ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық  
жобалар бойынша республикалық бюджеттің шығыстары мен несиелендіруінің  
жиынтық лимитін республикалық Бюджет комиссиясының қарауына ұсынады.

Республикалық Бюджет комиссиясы көрсетілген көрсеткіштерді ағымдағы  
жылдың 1 мамырынан кешіктірмей анықтайды.

12. Республикалық Бюджет комиссиясы анықтаған ағымдағы бюджеттік  
бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша республикалық  
бюджеттің шығыстары мен несиелендіруінің бөлінетін лимиттерін үш жұмыс  
күні ішінде Қаржы министрлігі республикалық бюджеттік бағдарламалардың  
әкімшілеріне жеткізеді.

13. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі (бұдан  
әрі - Экономика және сауда министрлігі) ағымдағы жылдың 5 мамырына дейін:

инвестициялық жобалар бойынша республикалық бюджеттің шығыстары мен  
несиелендіруінің жиынтық лимиті шегінде ағымдағы жылы іске асырылатын  
жобаларды ескере отырып, республикалық МИБ-тің құрамына енгізілгендердің  
қатарынан инвестициялық жобаларды республикалық бюджеттен  
қаржыландырудың тізбесі мен көлемдері жөніндегі ұсыныстарды;

алдағы қаржы жылы өздерін қаржыландыруды жалғастыру жоспарланып  
отырған инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингінің нәтижелерін  
республикалық Бюджет комиссиясына ұсынады.

Республикалық Бюджет комиссиясы Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың  
10 мамырына дейін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне  
жеткізетін алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобалардың  
тізбесі мен көлемдерін анықтайды.

3-тарау. Жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштерін және  
республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік  
өтінімдерін әзірлеу және келісу

14. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы

органдары ағымдағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстар, Астана және Алматы қалалары бюджетінің (бұдан әрі - облыс бюджеті) мынадай болжамды көрсеткіштерін:

Бірыңғай бюджеттік жіктеме кірістерінің жіктемесі бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне түсетін түсімдерді;

тиісті қаржы жылының аяғында облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары борышының лимиттерін;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстардың көлемін Қаржы министрлігінің келісуіне ұсынады.

Жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштерін негіздеу үшін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері қажетті есептеулер ұсынады.

15. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Индикативтік жоспардың, республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының негізінде республикалық Бюджет комиссиясы анықтаған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығыстар мен несиелендірудің бөлінетін лимиттері, инвестициялық жобалардың тізбесі мен көлемдері шегінде Қаржы министрлігі белгілеген нысан бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді жасайды және ағымдағы жылдың 20 мамырына дейінгі мерзімде Қаржы министрлігіне ұсынады.

16. Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тек қана бір бюджеттік өтінім жасайды. Бюджеттік өтінім:

бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін және олар бойынша сомаларды;

әрбір бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазбаны;

бюджеттік өтінімге енгізілген әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) паспортының жобасын;

бюджеттік өтінімге енгізілген әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстардың есептеулерін қамтуы тиіс.

17. Қаржы министрлігі:

облыстардың, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің болжамды көрсеткіштерін;

бюджеттік өтінімдерді олардың республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарына, жеткізілген ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығыстар мен несиелендірудің бөлінетін лимиттеріне, инвестициялық жобалардың тізбесі мен көлемдеріне, бюджеттік өтінімдерді жасауға белгіленген талаптарға сәйкестігі, есептеулердің

дұрыстығы мен негізділігі тұрғысында қарайды.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері Қаржы министрлігінің қорытындыларын қоса бере отырып, республикалық Бюджет комиссиясының қарауына жіберіледі.

18. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мақсаттарын Қазақстан Республикасының Президенті анықтайтын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынатын мақсатты трансферттерді енгізу жөніндегі ұсыныстарды республикалық Бюджет комиссиясына енгізеді.

19. Республикалық Бюджет комиссиясы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі енгізген ұсыныстарды және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарайды және ағымдағы жылдың 15 шілдесіне дейінгі мерзімде олар бойынша шешім қабылдайды.

20. Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың 20 шілдесіне дейінгі мерзімде осы Ереженің 19-тармағында көрсетілген республикалық Бюджет комиссиясының шешімдерін ескере отырып, алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің мынадай болжамды көрсеткіштерін:

ерекшеліктер бөлінісінде республикалық бюджетке түсетін түсімдердің көлемін, оның ішінде облыстық бюджеттерден және Астана мен Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алуларды;

ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға және бюджеттік даму бағдарламаларына бөле отырып, бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) деңгейінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша республикалық бюджеттің шығыстары мен несиелендіруінің көлемін, оның ішінде республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенцияларды;

республикалық бюджет тапшылығының (профицитінің) мөлшерін;  
тиісті қаржы жылының аяғындағы үкіметтік борыш лимитін;  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимитін;  
облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылының аяғындағы борыш лимитін республикалық Бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

#### 4-тарау. Республикалық бюджеттің жобасын мақұлдау

21. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштерін ағымдағы жылдың 25 шілдесіне дейін республикалық Бюджет комиссиясы анықтайды. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары

бюджеттерінің болжамды көрсеткіштері бойынша келіспеушіліктерді ағымдағы жылдың 25 шілдесіне дейін республикалық Бюджет комиссиясы қарайды және оларды реттеу жөнінде шешім қабылдайды.

22. Қаржы министрлігі республикалық Бюджет комиссиясы анықтаған алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштері негізінде алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының түпкі нұсқасын жасайды және оны ағымдағы жылдың 27 шілдесіне дейінгі мерзімде республикалық Бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының түпкі нұсқасын республикалық Бюджет комиссиясы ағымдағы жылдың 1 тамызына анықтауы тиіс.

23. Қаржы министрлігі алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының түпкі нұсқасы негізінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасын жасайды және оны ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

Заң жобасымен бір уақытта Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджетінің болжамды көрсеткіштерін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді.

24. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдағаннан кейін Қаржы министрлігі осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген келісілген болжамды көрсеткіштерді облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне жеткізеді.

### 3-бөлім. Жергілікті бюджеттерді әзірлеу

#### 1-бөлімше. Облыстық бюджетті және Астана мен Алматы қалаларының бюджеттерін әзірлеу

#### 5-тарау. Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу үшін негізгі көрсеткіштер мен басымдықтарды анықтау

25. Облыс, Астана, Алматы қаласы әкімінің шешімімен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қаржысын басқаруға әкім уәкілеттік берген атқарушы орган анықталады.

26. Облыстық бюджеттен, Астана, Алматы қаласының бюджетінен қаржыландырылатын, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қаржысын басқаруға әкім уәкілеттік берген атқарушы орган (бұдан әрі - облыстың жергілікті уәкілетті



органы) Индикативтік жоспардың және облыстың, Астана, Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді кезеңге арналған Индикативтік жоспарының (бұдан әрі - облыстың Индикативтік жоспары), аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының, республикалық МИБ-тің және жергілікті Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының (жергілікті МИБ-тің) негізінде облыс бюджетінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін әзірлейді және ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде оларды облыстың, Астана, Алматы қаласының әкімшіяты құратын Бюджет комиссиясының (бұдан әрі - облыстың

Бюджет комиссиясы) қарауына ұсынады.

27. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыс бюджетінің болжамды көрсеткіштері мынадай құрылым бойынша жасалады:

1) түсімдер:

кірістер (салықтық және салыққа жатпайтын түсімдер, капиталмен жасалатын операциялардан алынатын кірістер);

алынған ресми трансферттер (гранттар);

бұрын облыстың бюджетінен берілген несиелер бойынша негізгі борышты өтеу;

2) шығыстар мен несиелендіру;

3) облыс бюджетінің тапшылығы (профициті);

4) облыс бюджетінің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану).

28. Облыс бюджетінің болжамды көрсеткіштерінің негізінде облыстың Бюджет комиссиясы ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде Қаржы министрлігінің келісуіне ұсыну үшін алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыс бюджетінің мынадай болжамды көрсеткіштерін:

Бірыңғай бюджеттік жіктеменің кірістер жіктемесі бойынша облыс бюджетіне түсетін түсімдердің көлемін;

тиісті қаржы жылының аяғындағы облыстың жергілікті атқарушы органы борышының лимитін;

облыстың жергілікті атқарушы органының борышын өтеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстардың көлемін анықтайды.

29. Облыстық бюджеттен, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (бұдан әрі - облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері) ағымдағы жылдың 1

сәуіріне дейінгі мерзімде облыстың жергілікті уәкілетті органына:

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың Индикативтік жоспарының, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының, жергілікті МИБ-тің негізінде әзірленген алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қалалары бюджетінің (бұдан әрі - облыстық бюджет) қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының тізбесі бойынша ;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдағы қаржы жылы секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бойынша өздерінің ұсыныстарын табыс етеді.

Облыстың жергілікті уәкілетті органы енгізілген ұсыныстарды олардың облыстың Индикативтік жоспарында, жергілікті МИБ-та, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларында тұжырымдалған аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму өлшемдері мен бағыттарына сәйкестігі тұрғысында қарайды және олар бойынша қорытындылар дайындайды.

30. 29-тармақта көрсетілген тізбелерді қорытындымен бірге ағымдағы жылдың 10 сәуіріне дейінгі мерзімде облыстың жергілікті уәкілетті органы облыстың Бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Облыстың Бюджет комиссиясы ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде көрсетілген тізбелер бойынша ұсыныстарды әзірлейді.

31. Облыстың Бюджет комиссиясы анықтаған облыс бюджетінің болжамды көрсеткіштерін және алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының тізбелерін және алдағы қаржы жылы секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламаларды ескере отырып, облыстың жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 25 сәуіріне дейінгі мерзімде алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің мынадай болжамды көрсеткіштерін:

облыстық бюджетке түсетін түсімдерді, оның ішінде аудандық (қалалық) бюджеттерден облыстық бюджеттерге алуларды;

облыстық бюджеттің тапшылығын (профицитін);

облыстық бюджеттерден аудандық (қалалық) бюджеттерге берілетін субвенцияларды;

облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша облыстық бюджеттің шығыстары мен несиелендіруінің бөлінетін лимитін;

ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша облыстық бюджеттің шығыстары мен несиелендіруінің жиынтық лимитін облыстың Бюджет комиссиясының қарауына ұсынады.

Облыстың Бюджет комиссиясы осы көрсеткіштерді ағымдағы жылдың 1

мамырынан кешіктірмей анықтайды.

32. Облыстың Бюджет комиссиясы анықтаған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша облыстық бюджеттің шығыстары мен несиелендіруінің бөлінетін лимитін облыстың жергілікті уәкілетті органы облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне үш жұмыс күні ішінде хабарлайды.

33. Облыстың жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 5 мамырына дейін:

ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша жергілікті бюджеттің шығыстары мен несиелендіруінің жиынтық лимиті шегінде жергілікті МИБ-тің құрамына енгізілгендердің қатарынан инвестициялық жобалардың тізбесі мен жергілікті бюджеттің қаражатынан қаржыландыру көлемдері жөніндегі ұсыныстарды;

алдағы қаржы жылы оларды қаржыландыруды жалғастыру жоспарланып отырған инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингінің нәтижелерін республикалық Бюджет комиссиясына ұсынады.

Облыстың Бюджет комиссиясы ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобалардың тізбесі мен жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемдерін анықтайды, оны облыстың жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 10 мамырына дейінгі мерзімде облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізеді.

34. Қаржы министрлігімен келісілген облыстардың, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің болжамды көрсеткіштерін Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасын мақұлдағаннан кейін облыстардың жергілікті уәкілетті органдары аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына жеткізеді.

6-тарау. Аудандар (қалалар) бюджеттерінің болжамды көрсеткіштерін және облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін әзірлеу және келісу

35. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары ағымдағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде Бірыңғай бюджеттік жіктеме кірістерінің жіктемесі бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне түсетін түсімдердің болжамын облыстың жергілікті уәкілетті органының келісуіне ұсынады.

Аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне түсетін түсімдердің болжамын негіздеу үшін аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары қажетті есептеулер ұсынады.

36. Облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстың Индикативтік жоспарының, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының, облыстық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының негізінде, облыстың Бюджет комиссиясы анықтаған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығыстар мен несиелендірудің бөлінетін лимиттері, инвестициялық жобалардың тізбесі мен көлемдері шегінде Қаржы министрлігі белгілеген нысан бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді жасайды және ағымдағы жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде облыстың атқарушы органына ұсынады.

37. Облыстық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бір ғана бюджеттік өтінім жасайды. Бюджеттік өтінім осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген деректерді қамтуы тиіс.

38. Облыстың жергілікті уәкілетті органы:  
аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары ұсынған аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне түсетін түсімдердің болжамын;  
бюджеттік өтінімдерді олардың облыстың Индикативтік жоспарына, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларына, облыстық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарына, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша жеткізілген шығыстар мен несиелендірудің бөлінетін лимиттеріне, инвестициялық жобалардың тізбесі мен көлемдеріне, бюджеттік өтінімдерді жасауға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкестігі, есептеулердің дұрыстығы мен негізділігі тұрғысында қарайды және оларды қорытындымен бірге облыстың Бюджет комиссиясының қарауына жібереді.

39. Облыстың Бюджет комиссиясы облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарайды және ағымдағы жылдың 15 шілдесіне дейінгі мерзімде олар бойынша шешім қабылдайды.

40. Облыстың жергілікті уәкілетті органы Қаржы министрлігімен келісілген облыс бюджетінің болжамды көрсеткіштерін, осы Ереженің 40-тармағында көрсетілген облыстың Бюджет комиссиясының шешімдерін ескере отырып, ағымдағы жылдың 20 шілдесіне дейінгі мерзімде алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің мынадай болжамды көрсеткіштерін:

ерекшеліктер бөлінісінде облыстық бюджетке түсетін түсімдердің көлемін, оның ішінде аудандық (қалалық) бюджеттерден облыстық бюджеттерге алуларды;

ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және бюджеттік даму бағдарламалары етіп бөле отырып, бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) деңгейінде облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша облыстық бюджет

шығыстары мен несиелендіруінің көлемін, оның ішінде облыстық бюджеттен аудандық (қалалық) бюджеттерге берілетін субвенцияларды;

облыстық бюджет тапшылығының (профицитінің) мөлшерін;

тиісті қаржы жылының аяғындағы облыстың жергілікті атқарушы органы борышының лимитін;

облыстың жергілікті атқарушы органының борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстардың көлемін облыстың Бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

## 7-тарау. Облыстық бюджеттің жобасын мақұлдау

41. Облыстың жергілікті уәкілетті органымен келісілген аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне түсетін түсімдердің болжамдарын облыстың жергілікті уәкілетті органы аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына хабарлайды.

42. Үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің болжамды көрсеткіштерін ағымдағы жылдың 1 тамызына дейін Бюджет комиссиясы анықтайды. Аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне түсетін түсімдердің болжамдары бойынша келіспеушіліктерді ағымдағы жылдың 1 тамызына дейін облыстың Бюджет комиссиясы қарайды және оларды реттеу жөнінде шешім қабылдайды.

43. Облыстың жергілікті уәкілетті органы облыстың Бюджет комиссиясы анықтаған үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің болжамды көрсеткіштері негізінде алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджет жобасының түпкі нұсқасын жасайды және ағымдағы жылдың 5 тамызына дейінгі мерзімде облыстың Бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет жобасының түпкі нұсқасын ағымдағы жылдың 10 тамызына дейін облыстың Бюджет комиссиясы анықтайды.

44. Облыстың жергілікті уәкілетті органы облыстың Бюджет комиссиясы анықтаған алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет жобасының түпкі нұсқасын облыс, Астана, Алматы қаласы әкімиятының мақұлдауына ұсынады.

Облыстық бюджеттің жобасымен бір уақытта облыстың жергілікті уәкілетті органы облыстық бюджеттің, Астана, Алматы қаласы бюджетінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін облыстың, Астана, Алматы қаласының әкімиятына бекітуге енгізеді.

45. Облыстың, Астана, Алматы қаласының әкімияты облыстық бюджеттің жобасын мақұлдағаннан кейін және аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары ұсынған аудандар (қалалар) бюджеттерінің болжамдары

негізінде облыстың жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей облыс, Астана, Алматы қаласы бюджетінің болжамын Қаржы министрлігіне ұсынады.

46. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң күшіне енгеннен кейін екі апта мерзімнен кешіктірмей облыстық бюджеттердің, Астана, Алматы қалалары бюджеттерінің бұрын жасалған жобаларын нақтылайды және облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің жобасын тиісті мәслихаттың бекітуіне енгізеді.

2-бөлімше. Аудандардың (қалалардың) бюджеттерін әзірлеу

8-тарау. Аудандар (қалалар) бюджеттерінің жобаларын әзірлеу үшін негізгі көрсеткіштер мен басымдықтарды анықтау

47. Ауданның (қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қаржысын басқаруға әкім уәкілеттік берген атқарушы орган (бұдан әрі - ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы Үкіметтің Индикативтік жоспарының және облыстың орта мерзімге арналған Индикативтік жоспарының, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының негізінде алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштерін әзірлейді және ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде оларды аудан (қала) әкімшіяты құратын Бюджет

комиссиясының (бұдан әрі - ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы) қарауына ұсынады.

48. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштері мынадай құрылым бойынша жасалады:

1) түсімдер:

кірістер (салықтық және салыққа жатпайтын түсімдер, капиталмен жасалатын операциялардан алынатын кірістер);

алынған ресми трансферттер (гранттар);

бұрын аудандық (қалалық) бюджеттен берілген несиелер бойынша негізгі борышты өтеу;

2) шығыстар және несиелендіру;

3) аудандық (қалалық) бюджеттің тапшылығы (профициті).

Аудан (қала) бюджеті тапшылығының (профицитінің) көрсеткіші нөлге тең болуы тиіс.

49. Аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштерінің негізінде ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы облыстың жергілікті уәкілетті органына келісуге беру үшін Бірыңғай бюджеттік жіктеме кірістерінің жіктемесі бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетіне түсетін түсімдердің болжамын анықтайды. Осы болжам ағымдағы жылдың 1 мамырынан кешіктірілмей ұсынылады.

50. Аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (бұдан әрі - аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері) ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органына:

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың Индикативтік жоспарының, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары, жергілікті МИБ негізінде әзірленген алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының тізбесі бойынша;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдағы қаржы жылы секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бойынша өздерінің ұсыныстарын табыс етеді.

Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы енгізілген ұсыныстарды олардың облыстың Индикативтік жоспарында тұжырымдалған аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму өлшемдері мен бағыттарына сәйкестігі тұрғысында қарайды және олар бойынша қорытындылар дайындайды.

51. 51-тармақта көрсетілген тізбелерді қорытындымен бірге ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 10 сәуіріне дейінгі мерзімде ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде көрсетілген тізбелер бойынша ұсыныстар әзірлейді.

52. Ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы анықтаған алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштерін, алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының тізбелерін және алдағы қаржы жылы секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламаларды ескере отырып, ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 25 сәуіріне дейінгі мерзімде аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары

бойынша үш жылдық кезеңге арналған шығыстар мен несиелендірудің бөлінетін лимитін ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясының қарауына ұсынады.

Ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы көрсетілген лимитті ағымдағы жылдың 1 мамырынан кешіктірмей анықтайды.

53. Ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы анықтаған аудан (қала) бюджетінің шығыстары мен несиелендіруінің бөлінетін лимиттерін үш жұмыс күні ішінде ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне хабарлайды.

54. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 5 мамырына дейін мыналарды:

ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша жергілікті бюджеттің шығыстары мен несиелендіруінің жиынтық лимиті шегінде жергілікті МИБ-тің құрамына енгізілгендердің қатарынан инвестициялық жобаларды жергілікті бюджеттің қаражатынан қаржыландырудың тізбесі мен көлемдері жөніндегі ұсыныстарды;

алдағы қаржы жылы оларды қаржыландыруды жалғастыру жоспарланып отырған инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингінің нәтижелерін ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясына ұсынады.

Ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 10 мамырына дейінгі мерзімде аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізетін ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобалардың тізбесі мен жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемдерін анықтайды.

#### 9-тарау. Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін әзірлеу және келісу

55. Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстың Индикативтік жоспарының, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының, аудандық (қалалық) бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының негізінде, ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы мақұлдаған шығыстар мен несиелендірудің бөлінетін лимиттерінің, инвестициялық жобалардың тізбесі мен көлемдерінің шегінде Қаржы министрлігі белгілеген нысан бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді жасайды және ағымдағы жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органына ұсынады.

56. Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бір ғана бюджеттік өтінім жасайды. Бюджеттік өтінім осы Ереженің 16-тармағында



көрсетілген деректерді қамтуы тиіс.

57. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы бюджеттік өтінімдерді олардың облыстың Индикативтік жоспарына, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларына, аудандық (қалалық) бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарына, берілген шығыстар мен несиелендірудің бөлінетін лимиттеріне, инвестициялық жобалардың тізбесі мен көлемдеріне, бюджеттік өтінімдерді жасауға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкестігі, есептеулердің дұрыстығы мен негізділігі тұрғысында қарайды және оларды қорытындысымен бірге ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясының қарауына жібереді.

58. Ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарайды және ағымдағы жылдың 10 шілдесіне дейінгі мерзімде олар бойынша шешім шығарады.

59. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы облыстың жергілікті уәкілетті органымен келісілген ауданның (қаланың) бюджетіне түсетін түсімдердің болжамын, осы Ереженің 58-тармағында көрсетілген ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясының шешімін ескере отырып, ағымдағы жылдың 15 шілдесіне дейінгі мерзімде алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің мынадай болжамды көрсеткіштерін:

ерекшеліктер бөлінісінде ауданның (қаланың) бюджетіне түсетін түсімдердің көлемін;

ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және бюджеттік даму бағдарламалары етіп бөле отырып, бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) деңгейінде аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша аудан (қала) бюджетінің шығыстары мен несиелендіруінің көлемін;

аудан (қала) бюджеті тапшылығының (профицитінің) мөлшерін ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

#### 10-тарау. Аудан (қала) бюджетінің жобасын мақұлдау

60. Үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің болжамдық көрсеткіштерін ағымдағы жылдың 1 тамызына дейін ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы қарайды.

61. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы анықтаған үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштері негізінде алдағы қаржы жылына арналған аудан (қала) бюджеті жобасының түпкі нұсқасын жасайды және оны ағымдағы жылдың 3 тамызына дейінгі мерзімде ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Алдағы қаржы жылына арналған аудан (қала) бюджеті жобасының түпкі нұсқасын ағымдағы жылдың 5 тамызына дейін ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы анықтайды.

62. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ауданның (қаланың) Бюджет комиссиясы анықтаған алдағы қаржы жылына арналған аудан (қала) бюджеті жобасының түпкі нұсқасын аудан (қала) әкімінің мақұлдауына ұсынады.

Аудан (қала) бюджетінің жобасымен бір уақытта ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы аудан (қала) бюджетінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін ауданның (қаланың) әкімиятына бекітуге енгізеді.

63. Ауданның (қаланың) әкімияты аудан (қала) бюджетінің жобасын мақұлдағаннан кейін ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 20 тамызынан кешіктірмей аудан (қала) бюджетінің болжамын облыстың жергілікті уәкілетті органына ұсынады.

64. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары (әкімдері)

облыстық бюджет бекітілгеннен кейін екі апта мерзімде аудандық (қалалық) бюджеттердің бұрын жасалған болжамды көрсеткіштерін нақтылайды және аудан (қала) бюджетінің жобасын тиісті мәслихаттың бекітуіне енгізеді.

65. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары аудандық мәслихаттар бюджетті бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бекітілген жергілікті бюджеттердің негізінде облыстық (қалалық) бюджет және облыс бюджеті туралы жинақталған деректерді ұсынады.

1-қосымша

\_\_\_\_\_ ж.ж. арналған \_\_\_\_\_ бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым  
/бюджеттің түрі/  
бағыттарының тізбесі бойынша  
ұсыныстар

---

/Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы/

---

N Бюджеттік бағдарламаның Бағдарламаның Бюджеттік Өткен  
(кіші бағдарламаның) (кіші бағдар. бағдарламаны жылдың

атауы                      ламаның)    іске асыру    қассалық  
міндеттері    мерзімдері    шығыстары

---

1	2	3	4
---	---	---	---

---

Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар

I. Жалғастырылатын бюджеттік бағдарламалар:

II. Жаңа (бұрын бюджеттен қаржыландырылмаған) бюджеттік бағдарламалар:

III. Бюджеттен алып тастау немесе шығыстарының көлемін қысқарту ұсынылатын бюджеттік бағдарламалар:

---

Жиыны	x	x
-------	---	---

---

Бюджеттік даму бағдарламалары

I. Жалғастырылатын бюджеттік бағдарламалар:

II. Жаңа (бұрын бюджеттен қаржыландырылмаған) бюджеттік бағдарламалар:

III. Бюджеттен алып тастау немесе шығыстарының көлемін қысқарту ұсынылатын бюджеттік бағдарламалар:

---

Жиыны	x	x
-------	---	---

---

Таблицаның жалғасы

---

Ағымдағы Жылдар бойынша  
жылдың алдағы үш Негіздеме\*  
жоспары жылдық кезеңге  
арналған болжам

---

... ..

---

5 6 7 8 9

---

I.

---

---

---

II.

---

---

---

III.

---

---

---

Жиыны х

---

---

---

I.

---

---

---

II.

---

---

---

III.

---

---

---

Жиыны

---

---

---

\* Осы бағанда бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландырудың қажеттілігі мен басымдығын анықтайтын нормативтік құқықтық кесімнің атауын, нөмірін және күнін, оның ішінде нақты секторды, қаржы жүйесін және әлеуметтік саланы дамытудың мемлекеттік, салалық, аймақтық бағдарламаларын көрсету қажет.

Заңнамалық кесімге сілтеме жасалған кезде баптардың нөмірлерін көрсету қажет.

Осы нысанға әкімшілік шығыстар енгізілмейді.

Бюджеттік бағдарламалар

әкімшісінің басшысы \_\_\_\_\_  
/қолы/ /аты-жөні, тегі/

## 2-қосымша

Алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын \_\_\_\_\_ бюджеттік  
(респ. жерг.)  
бағдарламалардың тізбесі бойынша ұсыныстар

---

N Әк. Бағ. Бюджеттік Бағдарла. Өткен Ағымда. Жылдар бой. Негіз. Ес.  
ім. дар. бағдарла. маның жылдың ғы жыл. ынша алда. деме\* кер.  
ші ла. маның (кіші касса. дың ғы үш жыл. ту  
N ма. (кіші бағ. бағдар. лық жоспары дық кезең.  
лар. дарлама. ламаның) шығыс. ге арнал.  
дың ның) міндет. тары ған болжам  
N атауы тері \_\_\_\_\_

... ..

---

1	2	3	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---

---

I. Жалғастырылатын бюджеттік бағдарламалар:

---

1

---

2

---

II. Жаңа (бұрын бюджеттен қаржыландырылмаған)  
бюджеттік бағдарламалар:

---

1

---

2

---

Жиыны х

х х

---

\* Осы бағанда бағдарламаны (кіші бағдарламаны) толық көлемде қаржыландырудың қажеттілігін анықтайтын нормативтік құқықтық кесімнің атауын, нөмірін және күнін көрсету қажет.

Заңнамалық кесімге сілтеме жасалған кезде баптардың нөмірлерін көрсету қажет.

Осы нысанға әкімшілік шығыстар енгізілмейді.

Бюджеттік бағдарламалар

әкімшісінің басшысы \_\_\_\_\_

/қолы/ /аты-жөні, тегі/

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.